

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери барлау саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 536 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2022 жылғы 10 мамырда Анкарада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери барлау саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелген халықаралық Хаттаманың мәтіні ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық Хаттамасының жасасқан тілдердегі ресми куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық Хаттамаларын тіркеуге, есептеуге және сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер министрлігінен алуға болады

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 5 тамыздағы  
№ 536 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери барлау саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама**

Бұдан әрі "Тарап" немесе "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі,

бұдан әрі "Келісім" деп аталатын 2018 жылғы 13 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

екі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі барлаудың рөлін және әскери барлау саласындағы ынтымақтастық үшін құқықтық негіз құру қажеттігін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап Мақсаты**

Осы Хаттаманың мақсаты 4-бапта айқындалған ынтымақтастық салаларындағы әскери барлау ақпаратын алмасудың міндеттемелерін, шарттары мен тәртібін айқындау болып табылады.

## **2-бап Анықтамалар**

1. Әскери барлау ақпараты – осы Хаттаманың мақсатына сәйкес берілетін жазбаша, ауызша немесе көрнекі нысандағы ақпарат, сондай-ақ CD-де, DVD-де, фильмдерде, фотосуреттерде, слайдтарда қамтылған, электрондық түрдегі және т.б. ақпарат.

2. Әскери персонал – осы Хаттамаға сәйкес жүзеге асырылатын іс-шараларға қатысатын персонал.

## **3-бап Уәкілетті органдар**

1. Мыналар:

Қазақстан Республикасының Үкіметінен – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Түркия Республикасының Үкіметінен – Түркия Республикасының Бас штабы осы Хаттаманы іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар болып табылады.

2. Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

## **4-бап Ынтымақтастық салалары**

Тараптар мынадай салаларда ынтымақтастықты жүзеге асырады:

1) өзекті тақырыптар бойынша әскери барлау ақпараты мен сараптамалық бағалауларды өзара алмасу;

2) Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін өңірдегі (мемлекетте) әскери-саяси ахуалдың дамуын мониторингтеу;

3) Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін террористік және басқа да ұйымдарға қатысты өзара ақпарат алмасу.

## **5-бап Әскери барлау ақпаратын алмасу тәсілдері**

1. Әскери барлау ақпаратын алмасу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) әскери персоналдың кездесуі;

2) дипломатиялық арналар арқылы.

2. Уәкілетті органдар әскери персоналының кездесулері жыл сайын ротациялық негізде Қазақстан Республикасында және Түркия Республикасында өткізіледі, олардың барысында:

1) егер қосымша адамдар талап етілмесе, делегация құрамына төрт адамға дейін кіреді;

2) құжаттар мен келіссөздер тілі ағылшын тілі болып табылады, келіссөздер, егер бұл қажет болса, аудармашы арқылы жүргізілуі мүмкін;

3) келесі келіссөздердің күні келісіледі.

3. Кездесулер барысында берілетін/алмасатын әскери барлау ақпараты іс-шараға дейін алдын ала айқындалады және әскери барлау ақпаратын алмасу кездесулер барысында жүзеге асырылады.

4. Әскери барлау ақпаратын алмасу және сұрау салулар Түркия Республикасындағы Қазақстан Республикасының Әскери атташесінің және Қазақстан Республикасындағы Түркия Республикасының Әскери атташесінің аппараттары арқылы жүзеге асырылады.

5. Тараптар олардың ақпараттық сұрау салуларына жауаптарды үш ай (90 күн) ішінде, қажет болған жағдайда мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде жолдайды.

6. Тараптардың бірінің мемлекетінің ұлттық егемендігі мен қауіпсіздігіне қатер төнген немесе оның ұлттық/халықаралық мүдделеріне қайшы келген жағдайларда әскери барлау ақпаратын беруден бас тартылуы мүмкін.

7. Алмасуға жататын кез келген әскери барлау ақпараты жазбаша нысанда жолданады. Ақпаратқа байланысты CD, DVD, фильмдер, фотосуреттер, слайдтар, электрондық құжаттар және т.б. құжатқа қоса беріледі.

## **6-бап Әскери барлау ақпаратының қауіпсіздігі**

1. Тараптар 2018 жылғы 13 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери саладағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім негізінде құпия ақпарат алмасады.

2. Алынған ақпарат ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

3. Алмасуға жататын құжаттарда, егер өзгешеліктер туралы алдын ала уағдаластық болмаса, ақпаратты ұсынған Тарапты көрсететін қандай да бір қолтаңба немесе белгі болмауға тиіс.

4. Егер Тараптардың бірі екінші Тараптан алынған ақпаратқа қатысты қатерді байқаса немесе үшінші мекемелерге немесе адамдарға ақпарат жария етілген жағдайда, ол бұл туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.

5. Осы бап осы Хаттаманың қолданысы тоқтатылғаннан кейін күшінде қалады.

## **7-бап Басқа мәселелер**

Әскери барлау саласындағы ынтымақтастықтың осы Хаттамада көзделмеген басқа мәселелері Келісім ережелеріне сәйкес реттеледі.

## **8-бап Дауларды реттеу**

Осы Хаттаманың ережелерін қолдануға және (немесе) түсіндіруге қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі және шешу үшін ешқандай ұлттық немесе халықаралық сотқа, немесе үшінші тарапқа берілмейді.

## **9-бап Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Хаттаманың 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

## **10-бап Күшіне енуі, қолданылу мерзімі және қолданысын тоқтатуы**

1. Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Хаттама 5 (бес) жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптардың бірі екінші Тарапты өзінің оның қолданысын ұзартпау ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етпесе, оның қолданысы бір жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

2. Тараптардың кез келгені осы Хаттаманың қолданысын екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы өзінің осындай ниеті туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Хаттама осындай хабарлама алынған күннен бастап 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін өз қолданысын тоқтатады.

3. Осы Хаттаманың қолданысын тоқтату, егер Тараптар басқаша уағдаласпаса, оның қолданысы барысында басталған іс-шаралар аяқталғанға дейін олардың орындалуына ықпал етпейді.

2022 жылғы 10 мамырда Анкара қаласында қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады. Түсіндіруде айырмашылықтар болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Түркия Республикасының Үкіметі  
үшін*